

МАЙЛЫҚОЖА ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ АЛЛА ЖӘНЕ ОНЫҢ СИПАТТАРЫ ТУРАЛЫ

Д. Кенжетай, Ж. Омаров

Майлықожаның дүниеге көзқарасының қалыптасуына өскен ортасы ықпал етті. Ақынның түсінігінше адамзат, жанды-жансыздың бәрін жаратушы жалғыз құдай, адам өміріндегі барлық құбылыс – өмір, өлім, байлық пен кедейлік - бәрі бір ғана құдайдың күдіретіндегі іс. Бұл дүниедегі құбылыстардың бәрі баянсыз, сондықтан әрбір мұсылман адам бұ дүниеден гөрі ана дүниенің қамын ойлағаны абзал.

Діни тақырыптағы жазылған шығармаларына барып астасатын ақын көзқарасындағы қайғы мен шерге толы терең экзистенциялық еңбектері өте құнды болып келеді және халықтық санадан өшпес орын алған. Қайғы мен өлім мәселесі Майлықожаның өмір, тіршілік қарекетінің мән-мәнісіне үңіліп, терең толғаныстарға түсуіне, сонымен қатар, тереңірек философиялық ой айтуына да өте үлкен септігін тигізген секілді. Мысалы: «Бүгінгі адам бір күндік бағын білді» деген шығармасында адамдардың сөзге тұрлаусыздығын, адамгершілікті малқұмарлыққа, бақ-дәрежеге айырбастап жіберетіндігін баяндайды. Осы тұста мына бір өлеңдерге назар аударсақ.

Бір базар жаны барға жалған дүние-ай,

Қор болады екен-ау өліп кісі.

Жаздырмас ажал келсе құлашыңды,

Бір кетпей жан аманат тынасың ба-ай.

тағы да:

Күнінде басы көкке жеткенменен,

Адамзат болған жерің осы екен де,-

деген өлең жолдары ақындық ойдың, көзбен көріп, ішпен білген көңілдің жемісі екенін бекер дей алмаймыз. Адамзат баласы қанша болып-толса да олардың басына келетін бір зауал бар, ол - өлім екенін мойындаған Майлықожа ислам дінінің уағызына қанша иланса да және өлімге қарсылық мұсылмандық шарттарына қайшы екендігін білсе де, өлімді экзистенциалық көңілмен қабылдайды. Дегенмен ақынның сары уайымға салынып, мына өмірден торыға сөйлеуі, о дүние қамын осы дүниеде ойлауды үгіттеуі, мұсылмандық шарттарға қайшы келмеуге шақыру жөніндегі ақыл-кеңестері көбіне осы жоқтау өлеңдерінде кездесіп жатады. Мұндағы идея, тұжырымының тақырыптан туындайтыны да түсінікті. Бұған ақынның «Заманның қырын бой кетті» және «Қабіріне айтар зарым бар» деген екі толғауы дәлел бола алады.

Майлықожа өзінің шағын бір өлеңінде ораза ұстау, намаз оқудың мойынға міндет, өлмектің парыз нәрсе екенін еске сала келіп, ол – намаздан бас көтермеуден басқаның байыбына бармайтын жандардан жұртқа келер пайда дей келе, «Мың рәкат намаздан артық деген кісіге істеген бір ізет-үрмет», деген пікір айтады. Адамзатты қолдан келгенінше жақсылық жасауға шақырады. Осы тұста мына бір өлең шумағына назар аударсақ:

«Алымдардың уағыз кітабында,
Тағдырға жазылған іс болады-мыс.
Деп айтқан мың реттік әжіліктен,
Артық деп халыққа қылған бір әділ іс», -

деген ой айтады. Майлықожаның пікірі бойынша, Мекке-Мәдинеге Қажылыққа барып қайтудан көрі, жетім-жесірге бір болса да қайырымды іс жасап, әрі істе адал болғанды артық санайды.

Сонымен қатар, Майлықожаның ата-ана туралы, олардың қаншалықты қымбат екендігі жөніндегі өлеңдері де жетерлік. Солардың бірі мына өлең-жырлары:

«Зиярат қылсаң ескеріп,
Кем емес қағба-меккеңнен!
Қадірін оның білмесең,
Қызметін қылып жүрмесең,
Арамы – залым туғаның,
Ұрғаны құдай желкеңнен.
Көзіңнен ұйқы тараған,
Қабағына қараған,
Анаңнан жақын кім болар,
Жан рахаты саяңнан?
Оның қызмет ісінен,
Не болар жаның аянған?» –

деп ата-ана алдындағы бала қарызы ешуақытта да өтелмейтінін ескертеді /1, 28-29 б/.

Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде Алланың сипаттары көп еске алынады. Бұл жолдың өзі - Алланың «жамал» сипатына ғашықтық жолы. Сондықтан ол хикметін Құдайдың дидарын талап етушілерге, яғни дидар талаптарға арнайды. Бұл жерде дидар – Алланың жамал сипаты. Сонымен бірге ұлы әулие Рахман, Рахим сипатын тілге тиек ету арқылы Алланың шексіз мейірімінен үміт етеді, Ғафур, Ғаффар сипаттары арқылы кешірім тілеп, жаралы жүректің шынайы тебіренісінен хабардар етеді. Хай сипатының аясында қарайған жүректерді ағартып, өлген жүректі тірілту сырына көз жеткізеді:

«Жаратқан бір Алланың жанабына ұш,
Лағин, шайтан жолдарынан қайтқын, достар,

Ықылас пен махаббаттың шарабын іш
Жан жүректен Хай зікірін айтқын, достар» /2/.

Бұлардың барлығы Алла мен адам арасындағы байланысты, Алланың ұлықтығын, шексіздігін, адамның дәрменсіздігін, шарасыздығын мойында-тып көрсетуде, иман кемелдігін осы тұрғыда толықтырудың қажеттігін таны-туда жатыр. Бұл мұралардың өміршендігі - қазақ халқының арасындағы Яса-уи бабадан кейінгі рухани кемелдікті, дінді жырлаған жыршы, жыраулардың теңдессіз еңбегімен тоғысында. Бүгінгі күнге дейін Құдайдың барлығын, бірлігін танып, оның сипаттарын жырларына арқау еткен сөз иелері өмір сүріп келді. Қазіргі кезде де олар жағып кеткен шырақ әлі өшкен жоқ, халықты имандылыққа тәрбиелеудің күшті құралы ретінде кең қолданылып келеді.

Бұлардан ол кісінің ислам дінінің тарихын, пәлсапасын терең білетіндігін ғана емес, сонымен қатар оларды адамның күнделікті өмір-тіршілігімен ше-бер астастыра отырып пайымдайтыны танылады. Мәселен, ақын білігінше Алла бейнесінде алынған табиғат тұрпаты, оның жасампаз қуаты:

Алланың соққан имараты
Өле-өлгенше шыдайды,
Адам соққан имарат

Аз пұрсатта құлайды /3, 523 б./, - деген қалыпта керемет тереңдікпен танылады.

Майлықожа шығармаларында халықтық дүниетаныммен сабақтасып жатқан, мұсылмандық ойлау формасымен барынша қабысқан сакральды сипат – Алла есімімен іс жасау, яғни жырға «бісміллә» айтып кірісу үрдісі қалыптасқан. Бұл – Майлықожамен тұрғылас ғұмыр кешкен, сөз ұстаған көрнекті жыраулардың да шығармашылығына тән құбылыс. Қазақ топырағындағы кабырғалы тұлғалардың бір де бірі осы сара жолдан жаңылыс кетпеген.

«Бісміллә» деп бір Алла
Бере ме жыласақ тілекті.
Өкіміңізге разымыз
Қуантқай біздің жүректі.

Майлықожа *есімнің* арабша тұлғасын қолданған. «Бисмилләһир» – тұлғасының қазақша түсіндірмесі «Алланың атымен» дегенді білдіреді. «Бісмілләмен» бастап, Алланың ұлық есімін жад етуден кейін, дін па-рыздарын насихат етуге ниет етіп, Жаратушының дүниеге қойған жолын ашықтап түсіндіруге ынта қойған ақын басқа толғауларында:

«Бісміллә» деп бастайын,
Бір Алланың өзінен
Басқа сөзді қоспайын,
Тумақ – сүндет, өлмек – хақ
Адам ата **әзелден**».

Әзел (عِلَازَا) - «о баста», «ежелде» деген мағынаны білдіретін сөз.

«Бісмиллә» деп бастайын

Әуелі Құдай сүйенішім,

Пенде ғылып жараттың

Сырымды өзің білесің».

Фәни (فَانَا) – «өткінші», «жалған» деген ұғымда қолданылады. Пенде «өткінші дүниеде тіршілік кешуші», яғни адам деген мәнді көрсетеді.

«Бісмиллә деп сиындым,

Құранның аты **Кәләмға**.

Білген шайыр айтады

Лайық сөзді заманға» /3, 223 б./.

Кәләм (كَلَام) – Құранның бір есімі.

«Бісмиллә қалам ұстадым,

Еш **нәбилер** қылмапты

Бісмилләсіз істерін,

Алланың аты аталмай,

Еш бәндә таппас іс бабын» /3, 281 б./.

Нәби (نَبِيْنَا) – «Құдай аянын жеткізуші», пайғамбар.

«Бісмиллә, қалам алалы

Жад етіп Жаппар дананы,

Нұсқаларда, әр сөзде

Алланың намы жоғары.

Сол себепті алдына

«Бісмиллә» деп салады,

Бісмилләмен айтқан сөз

Орынына барады,

Бей бісіміллә деген сөз

Шайтанның депті амалы» /3, 521 б./.

Жад ету - көп жерде «зікір ету», яғни «еске алу» мағынасымен қатар қолданылады. **Зікір** (زَكْر) – еске алу, еске сақтау. Мұсылмандардың Алланы еске алып, оған барлық ниетімен жалбарынуы. Зікір жүрекпен (көңіл), сөзбен және дене қимылы арқылы - үш түрлі жолмен орындалады.

Мұнда Алла есімі істің дұрыс жүзеге асуына кепіл, Құдайдың атымен басталмаған жұмыстың жетекшісі – шайтан. Сондықтан адал мен арамның арасындағы алшақтық бір нәрсенің Алланың есімімен басталғандығына немесе басталғанына қатысты. Еске тұтарлық және бір жайт, дүние де Алла есімі айтылған кезде жаралған:

«Бісмиллә» дедім, ия Алла,

Екі әріп «кәп» пен «нун» болды,

«Кәп» пенен «нун» қосылса,

Оқымаққа «күн» болды» /3, 522 б./.

«Кәп» пен «Нун» әріптері «Кун» деген мағынада қолданылған.

Кун фа йакун (نون و کاف) - Құдай тағаланың «Бол!» деген әмірімен барлық ғалам пайда болғандығын көрсетеді. Исламдағы он сегіз мың ғаламның жаратылыс себебі осыдан басталады.

Алланың есімімен жыр бастау ойдың дұрыс өрілуіне, тілдің тереңнен қозғауына, жалпы айтқанда мағыналы мұра қалдыруға басты себеп. Бұған біздің өз тарапымыздан келтіретін пікіріміз Майлықожа шайыр да осы сүрлеу-соқпақты шабытының қуатымен жаңғыртты, Алла есімінің киелілігін, қадірлілігін ұқтыруға талпынды. Оның жырларындағы Алла Тағаланың есімі – медет, жәрдем сұраудың кілті:

Мәдет тілеп сөйлейін,

Атын айтып Алланың.

Алладан медет жетілсе,

Көңілде қалмас арманың /3, 31 б./.

Медет, мінәжат, зікір – пенденің Алла тағалаға мұңын, зарын жеткізіп, одан көмек сұрауына басты жол. Адам бұл дүниеде рухани күйзеліске ұшырап, жанына азап келсе, бұл қиындықтан ол Иесінен пана тілеуі арқылы ғана шыға алады. Көңілі жарым, міскін, бейшара қалыпта ұстап, дүниенің алдамшы тірлігіне бой бермеген құлдар халін сопылық ілімде «пақырлық деп атайды. Бұл тұжырым Құрандағы «Сен бай, ал мен кедеймін» - аятына негізделген. Сондықтан құл әрдайым өзінің шектеулі әлемінің сұранысына Шексіз Алладан ғана жауап таба алатындығына сенеді. Бұл нағыз шынайы имандылықтың көрсеткіші.

Алла – мінсіз, Алла жер дүниедегі барлық айыптардан таза. Оның пәктігі ойға келетін қандай да пәктіктен де таза. Бұл қағида - иманның ең негізгі мызғымас тірегі.

«Бейайып Алла бір өзі,

Бенделер момын білуді,

Ажал келсе бендесі

Терең орға жығылды».

Алла, Тәңір, Ие, Тәңір-ие, Жаратқан, Хақ, Хақ-жаратқан, Жаббар-құдай, Жаттар-хақ, Ұлық-Алла, Әмір, Алла-халиф, Жан ие, Пәруардигар, Жалал атаулары діни дүниетанымдағы Алла бейнесінің алатын орнын көрсетеді. Алланың әрбір атауында Алланың бір-бір сипаты берілген (Жалпы діни аялық білімде Алланың тоқсан тоғыз есімі бар делінеді). Біз Майлықожа ақын шығармаларындағы Алла сипаттарын төмендегідей ретте келтіргенді қажет деп таптық.

Хақ – Алланың ақиқаттығын сипаттайды. *Хақ* – «шын, ақиқат, рас» деген мағынаны білдіреді. Олай болса:

«Кешіргейсің, **Жаппар Хак**,

Алдамастан момынды.

Айтып жүрсем шынымды!

Жаратып ең пенде ғып.

Білесің өзің сырымды».

Жаппар (رابط) - Алланың бәрінен ұлылығын, жоғарылығын білдіретін сипаты. **Халиқ** (قاللخا) – «Жаратушы» дегенді білдіретін Алланың сипаты.

Көрінгенін молдалар

Кітапқа қарап айтады,

Саһар уақыт болғанда

Пәленің бәрі қайтады.

Бұл жерде «саһар» уақыты Құрандағы «Лайлату-л Кадр» аяттарындағы Таң сәрінің артықшылығы мен ерекшелігіне меңзейді. Бұл уақыт сопылардың мінәжат уақыты, ал уақыт, яғни Алламен бір сәтке бір болуды армандау, аңсау, дидарына сағыныса ұмтылу сәті, сағаты ретінде бағаласа да болады.

Көңілінде Құдай жоқ адам

Күн шыққанша жатады,

Күн шыққанша жатқан соң,

Сайтанға дінін сатады!

Тағат қылған пендесі

Сауапқа ақыр батады.

Бағасы кеткен жігіттің

Бетінен алар зайыбы,

Бір Алладан басқаның

Көп дүр қылған айыбы! /3, 36 б./ - деуі Құранда Ықылас сүресі толығымен Алланың Бір, Бар, Тумағы, Туылмағы, Теңдесі жоқ, Мұңсыз, Кіршіксіз екендігіне ишарат етеді. Осылайша Алланы оған лайықты сипаттарымен танытады. Майлы ақын да осы негізге сүйене отырып, Алланы шексіз, кіршіксіз сипаттарымен танып, танытуға ұмтылады.

«Алал, арам деген бар

Ажырап тұрған екі парық,

Жақсысын нәсіп етпейсің

Жаратқан егем Жаппар Хак!

«Үмбетім!» дей көр Мұхаммет

Қатерлі жолда жатыр халық» /3, 525 б./.

Зұлжалал (للجلال) – «Құдіретті» деген Алла сипаты. Алланың құдіретінде шек жоқ, Ол қаласа, барлығы да болады. Ислам қағидасы бойынша Алла Тағаланың дүниеге қойған *құдіреті* мен *әдеті* бар. Құдіреті кара тастан гүл шығарып, аспан мен жерді еш тіреусіз жаратқандығы. Әдеті – жыл

мезгілдерін кезегімен ауыстыруы. Бұл істердің барлығы оның өзінен басқа ешкімнің де күші жетпек емес. Алла Тағаланың осы сипаттары басқа ақын-жыраулар сияқты Майлықожа шығармаларынан да берік орын алған:

«Тілеймін сенен медет сол себептен,
Халық қылдың қанша адамды құдіретпен,
Құдірет, жәрдем берсең тіл-жағыма,
Әзізді баяндайын ілгері өткен» /3, 554 б/.

Дүниенің жаратылысы туралы толғамдардың Алланы танумен байланысты құрылуы адамзатты ақиқатқа жеткізер бірден-бір жол ретінде жыраулардың кісілік концепциясының өзегі болып, олардың дүниетанымынан ойып орын алған.

Дүниенің пайда болуы адамзат санасына сыймайтын уақытпен өлшенеді. Дүниенің дәл қай заманда, қай дәуірде, қай жылы жасалынғаны – адам-пенде үшін жұмбақ. Ол тек бір Аллаға ғана аян. Бірақ дүние жаралғалы көп замандар болған. Дүние бағзылық уақытқа бағынады. Майлықожа осы тұрғыда да Алла Тағаланың құдіретіне бас иеді. Өйткені әуелдің де, ақырдың да иесі – бір Алла. Оны жыр тілімен өрнектегенде төмендегідей шындық шығады:

«Ақыреттің күнінде
Әлде қандай күйдесің?
Әуелімің – бір Құдай,
Ақырымсың – бір Құдай!».

Құранда «Хуал – бақи, Хуа ал-Ахир, уа ал-Батин, аз-Захир» аяттары Алланың сипаттарының мәнін ашып көрсетеді.

«Әуел», «ақыр» - Құдай сипаттары.

Осылармен қатар шайыр дүниелерінің арасында адам баласын адал іске, ақиқат шындыққа жетелейтін шумақтар да жетерлік. Майлықожа бірнеше толғауында ғылым білген адамның, ғалымның орны ерекше екендігін жеткізеді:

«Алымға мойын ұсынбасаң,
Мұсылман емес бір түгің!
Мүсәпірлік тартпасаң,
Білмессің қадірін жұртыңның» /3, 35 б./.

Ғаріптік, мүсәпірлік, жапа шегу – сопылық жолдағы адамның ең асыл жұрт Аллаға оралуды көксеуінен туындап жатқан сағыныш лебі.

«Ғылым – Құдайдың бір есімі. Ол барлық затты көруші, түгел білуші болғандықтан, Одан тыс он сегіз мың ғаламда ешқандай құбылыс болмайды. Сондықтан жер бетіндегі адамдардың ғылым біліп, дүние сырларын түгел игергені парыз болып саналады. Майлықожа ақынның бұл пікірін екі жақты түрде түсінуімізге болады: 1) «Алым дегеніміз – жоғарыда айтылған Құдайдың бір сипаты. Ақын Құдай Тағаланың сипатын қолдана отырып,

бүкіл мұсылмандарды Аллаға күмәнсіз, күдіксіз бағынуды сұрайды. Ал олай болмаған жағдайда мұсылман емес. 2) Алым – Құдайдың ілімін игерген, ислам дінінің қыр-сырларын толық меңгерген, қарапайым халық үшін жол көрсетуші ұстаз мәртебесіне лайықты адамдар. Мұндағы ой түйіні пір ұстаз бен шәкірт-мүрит арасындағы байланысты нақтылайтын сопылық таныммен ұштасып жатыр. Сонымен қатар ғалым мен үйренуші адамның ілім игеру кезіндегі заңдылықтары Құранда, пайғамбар хадистерінде де барынша айтылған.

Майлықожа ақын Құдайдың сипатына құштарлық арқылы, яғни Алла Тағаланың есімдерін үздіксіз қайталау арқылы кеудедегі қаралықты тазартуға да баса мән береді.

Жүректі кірден тазарту – рухани ілімнің ең маңызды саласы. Жүректі тазарту қажеттілігі жайында Майлықожа Сұлтанқожаұлы көп жырлаған. Ол бірде:

«Алланың аты ашады
Көңілдегі қараңды,
Нышаны дейді пейіштің
Жазғы соққан самалдың /3, 78 б./, –
десе, енді бірде:

«Алланың аты ашады
Көңілдегі қараңды,
Адамның бәрі молда боп
Қолына бір-бір нама алдың /3, 523 б./, -

деп, жүрек тазалығының маңыздылығын көрсетеді. «Нама» дегеніміз – кітап, яғни Құран Кәрім. Осы жерде айта кететін бір маңызды мәселе, Алланың есімдері – зікір. Оларды қайталап айту арқылы адам кеудесін нұрландырып, жүрегін қара таттан аршиды.

Құранның бір аты зікір деп аталады. Қасиетті кітапта Алла тағала жиырма бес пайғамбарды еске алып, олардың ғұмыр жолынан хабардар еткен. Сонымен қатар көптеген жерде зікір етуге арнайы бұйрық қылған.

Майлықожа ақынның Алла сипаттарын жырлап, тілге тиек еткендегі басты ұстанымы – жүректі тазарту, сол арқылы екі ғаламның рухани байлығын қолға түсіру. Бұл оның барлық шығармаларынан айқын аңғарылады.

Демек, Алланың есімдері адамның бойындағы құдайлық аманатты таза ұстаудың жолы ретінде санада, ойда, тәнде, жүректе орын алуы арқылы кемелдікке жеткізетін, сафтыққа тәрбиелейтін, шыншылдыққа апаратын, білімді тереңдететін қайнар көз ретінде дәріптеледі екен.

-
1. *Ысмайылов Е.* Сын мен шығарма. Алматы, 1960. 28-29-б.
 2. Қожа Ахмет Ясауи. «Хай зікірі». Светқали Нұржанның көркем аудармасы.
 3. Майлықожа. Шығармалар. Ә. Оспанұлы. - Алматы, 2005. - 869 бет.

Кенжетай Д., Омаров Ж.

Аллах и его атрибуты в мировоззрении Майлықожы

В статье на основе произведений известного поэта Майлықожы показывается с философской точки зрения, что началом духовного богатства является Аллах.

Kenzhetai D., Omarov Zh.

Allah in the outlook of Maylykozha and his dignity

The article discusses a philosophical viewpoint that the beginning of the spiritual wealth is Allah in the works of the famous poet Maylykozha.